

Список литературы

- 1 Иссерс О.С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речи. – М., Комкнига, 2003. – 288 с.
- 2 Аристов С.А. Коммуникативно-когнитивная лингвистика и разговорный дискурс // – Вып. 1. – Ижевск, 1999. – С. 3-29.
- 3 Ларина Е.Г. Лингвопрагматические особенности ток-шоу как жанра телевизионного дискурса: Автореф. дис. .. канд. филол. наук. – Волгоград, 2004. – 21 с.

Материал поступил в редакцию: 20.04.2020

БЕРМУХАМБЕТОВА, А.А., БЕЖИНА, В.В., БАКУБАЕВА, А.Е.

ТЕЛЕСҰХБАТ АУЫЗША ДИСКУРСТЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада тележүргізушінің ауызша дискурстарын сипаттайтын және телеинтервью жанрында интервьюленетін коммуникативті стратегиялар берілген; қарым-қатынасқа қатысушылардың өз коммуникативтік тактикалары мен стратегияларын іске асыру үшін қолданатын коммуникативтік қадамдар кешені сипатталған. Телеинтервью жанрындағы теледискурс телекоммуникатор, телехабар қонағы және кейде үш жүйе ұсынған телеаудитория арасындағы интерактивті процесс ретінде қарастырылады. Оларға дискурстың келесі қатысушылары іске асыратын стратегияларды жатқызамыз: 1) телекоммуникатор; 2) студиядағы коммуникация процесіне тікелей қатысатын қонақ.

Кілт сөздер: сөйлеу стратегиясы, коммуникативтік тәсілдер, теледискурс, телеинтервью, телекоммуникатор, дискурс қатысушылары.

BERMUKHAMBE TOVA, A.A., BEZHINA, V.V., BAKUBAYEVA, A.E.

COMMUNICATIVE FEATURES OF ORAL TV INTERVIEW DISCOURSE

The article presents communication strategies that characterize the oral discourse of the TV host and the interviewee in the genre of TV interviews; describes a set of communication moves used by communication participants to implement their communication tactics and strategies. TV discourse in the genre of TV interviews is considered by us as an interactive process between a TV Communicator, a guest of a TV program, and sometimes a TV audience, which are represented by three systems. These include strategies that are implemented by the following participants in the discourse: 1) telecommunication; 2) guests who are directly involved in the communication process in the Studio.

Key words: speech strategy, communication techniques, telepictures, a television interview, telecommunicator, the participants of the discourse.

ӘОЖ 82.0(574)

Оспанұлы, С.

*филология ғылымдарының кандидаты,
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ профессоры
Мырзағалиева, К.*

*филология ғылымдарының кандидаты,
филология департаментінің
қауымдастырылған профессоры,
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан.*

Ы. АЛТЫНСАРИН ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ЖАЙЫНДА

Түйін

Мақалада Ы. Алтынсариннің 1889 жылдан бастап жер мәселесі жөнінде жазып, билер мен әкімдердің парақорлығы мен пәтүсіздығы, тұрмыс-тіршіліктің нашарлауы, мал санының азаюы мен халықтың жұртауы, жалым-қоныстың тарылуы, қоныс аударушыларға шұрайлы жерлердің кесіліп берілуінің салдары екенін алғаш айтқаны баян етіледі.

Кілт сөздер: жер, жайлым, десятина, қарашекпенділер, Уақытша ереже, жұт, Дума, Орынбор, жоба.

1 Кіріспе

Көрші мемлекеттер жерімізге көз тігіп, кеңдігі мен байлығына қызығумен келеді. Қарыс жерін қасиетті санап, көзінің қарашығындай сақтаған қазақ талай айқастарды бастан кешірді. Бір жағынан Қоқан хандығы, бір жағынан Жоңғарлар қыспаққа алды. Әсіресе, Ресейге тәуелді болған жылдардағы бұлқыныстан туған ұлт-азаттық қозғалыстары қаншама?! Солардың бәрі көбісіне жер мәселесінен басталып отырған.

Отаршылдықтың оты өрши түскен заманда Мұрат ақын:

«Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойындағысы болғаны.
Маңғыстаудың үш түбек
Оны дағы алғаны.
Үргеніш пен Бұхарға
Арбасын сүйреп барғаны,
Қоныстың бар ма қалғаны?!», –
деп күңіренсе, күңіренгендей еді.

XX ғасырдың басында Ресей Азиялық Шығысты отарлауды жеделдетіп, Қазақстан жеріне ендеп кіре бастады. Шұрайлы жерлерге орыс шаруалары мен казак әскерлері қоныстанып, жергілікті тұрғындар шөл-шөлейт аймақтарға ығыстырылды. Жүздеген қоныстанушылар поселкалары пайда болып, жайылым тарылып, жер дауы өрши түсті. Басты күн көрісі мал шаруашылығы болған, кеңдікке үйренген қазақ халқы тығырыққа тіреліп, одан шығудың жолдарын іздестірді.

2 Материалдар мен әдістер

«Жер болса – ел болады», – дейді қазақ. Жер мәселесі қазір де ушығып тұрған шешуін табуға тиіс үлкен мәселе. Қарыс жерін жауына бермей айқаспен қазақтың өткен күндері аз ба?! Сол ата мекен, аяулы ауыл талауға түскен заманда алғаш бас көтеріп, қолына қалам алған Ыбырай бабамыздың мақсат-мүддесі – жерден айрылсақ, елден айрылатынымызды білгендік, көрегендік, көсемдік еді.

Мақаланың маңыздылығы сонда, елі үшін еңіреген, тебіренген Ыбырайдың әр сөзінде болашағымызды ойлаған жанайқайы бар. Архив деректеріне сүйене отырып жазылған мақаланың маңыздылығы сонда! Елі үшін еңіреген ұлы ұстаздың әр сөзінде болашағымызды ойлаудан туған жанайқайы бар.

3 Нәтижелер

Торғай облысының қара топырақты ең құнарлы деген жерлеріне орыс қарашекпенділері XIX ғасырдың аяғына қарай еркін қоныстана бастады. Дәлірек айтсақ, 1882 жылғы мәлімет бойынша 6 мың 403 орыс болса, 1883 жылы олардың саны 10084, 1890 жылы 30 мың 751-ге жеткен.

Бұл жыл санап бірнеше есеге өсіп, ақырында 1901 жылы Торғай облысының генерал-губернаторы патша ағзамға: «...Қоныс аударушылардың топ-топ болып көптеп келуі күшейген сайын, әкімшілікке қиындықтар туып отыр. Қазақтар арасында наразылық та туғызуда. Қоныс аударушылардың өз бетімен келіп, жерді иеленуі қазақтардың малының өрісін тарылтты. Жаңадан қоныс аударып келгендер қазақтардың жерін басып алып, өздерінше жыртуда...», – деп хат жазуға мәжбүр болды.

Торғай облысының халқы 1885 жылмен салыстырғанда 1912 жылы 798737-ге жетті, екі еседен астам өсті. Мұның аяғы қазақтар мен қарашекпенділер арасында қақтығыстарға әкеп соқты.

Жерімізге қарашекпенділер қаптап келіп, қоныстана бастаған кезде атамекеніміздің жай-күйі, қандастарымыздың қал-жағдайы жайында алғаш қалам тербеген Ыбырай Алтынсарин еді. Оны 1889 жылдың «Жуырда мен «Орынбор листогіне» Торғай халықтарының басына түскен апаттары туралы мақала жазып жібердім. Осы мақаламда қазақ еліне орыс селендерін әкеліп орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір меніңше, ешбір ақылға сыймайтын нарсе сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар, – келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық, – тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың. Осындай ерсі жобаларды оқығанда және естігенде салың суға кетеді», – деп, налып өзі де айтқан болатын.

4 Талқылау

Бұл мақалалар «Жұт туралы», «Қазақ даласындағы аштық туралы» деп аталады.

Қазақстан территориясында жаңа басқару жүйесін енгізіп, отарлық үстемдік ету әдістерін жетілдіруді патшалық Ресей бірнеше кезеңге бөліп жүзеге асырған болатын: «Сібір қазақтарын басқару ережесі» (1822), «Орынбор қазақтарын басқару ережесі» (1824), Орынбор әкімшілігінің «Далалық облыстарды басқару жөніндегі Уақытша ережесі» (1868).

Уақытша Ереже бойынша жаңа басқару жүйесінің енгізілу нәтижесінде штат көбейтіліп, барлық отарлық әкімшілік құрамы ұлғайтылды. Облыстық, уездік басшылық орындарын шенді орыс офицерлері мен шенеуніктері ғана иеленетін болды. Жергілікті халыққа уез басшылығының кіші көмекшісі мен қазақтарға тек «өзін-өзі басқару» орындарының билігі ғана тиді.

Ресей әкімшілігі реформа арқылы қазақ жерін қазына меншігі деп жариялап, қазақтарды отарлау ісін ашық жүргізе бастады.

Ыбырай «Далалық облыстарды басқару жөніндегі «Уақытша Ереже туралы 1868 ж.» деп аталатын жазбасында Ережеге қарсылық білдіре отырып, «өйткені жер мәселесін шешудің мұндай тәртібі ежелден қалыптасқан жерді пайдаланудың халықтық салт-дәстүріне қайшы келеді» [1], – деп жазған болатын.

Ыбырай жоғарыда аталған екі мақаласында да жұттың, аштықтың түп негізі осы Ережелердің шығуында, отырықшылықты күштеп енгізуде жатқанын айтады. «...дала адамдарының халықтық өмірін жасанды түрде төңкеруге кіріспес бұрын бұл халықты, оның өмірін танып-білу әлдеқайда ақылдырақ болар еді», – дейді. – Қатерлі қателік жасамау үшін бұл халықта аграрлық мәдени дамудың нышаны бар ма екен, отырықшы үстем халықпен арадағы тікелей қатынастан қаншалықты әсер алды екен, бұл халық қоршаған табиғаттың қандай жағдайында орналасқан және т.б. осы сияқтыларды біліп алған жөн. Өйткені тұтас ұлтты енжар ұлтқа айналдырумен пара-пар, осындай жай башқұрт халқымен болған деседі, сондай-ақ табиғат заңдарына кішкентай баланы бірден ересек адамға айналдыру мүмкіндігі болатын мысал да жоқ».

Шындығында да халықтың байырғы тұрмыс-тіршілігімен, күнкөріс көзімен, қалыптасқан салт-дәстүрмен танысып алмай, бірден отырықшылыққа көшіруі үлкен қателік. Қателік қана емес, жауыздық. Оның жауыздық іс-әрекет екенін Ресей империясының «Жерге орналастыру және Жер ісі басқармасының» бастығы Г. Глинканың 1907 жылы 24 наурызда Дала генерал-Губернаторына жазған: «Дала өлкесіндегі мұнда әлі орналастырылмаған әлі де тоқтаусыз келіп жатқан қоныстанушылар Сіздің мәртебеңізге сеніп қазақ өлкесінен отарлау мүддесіне сай жеткілікті көлемдегі жер табу ісіне ерекше мән беруге мәжбүр ететіндігі белгілі.

Қоныстанушылардың жерге деген аса қажетті сұранысына арналған өңірлер қатарында Кавдангуль ауданы бар, Семей облысы Павлодар уезіндегі Маралды болыстығы бар» [2].

Переселендерге қазақтың ең құнарлы жерлері тандалып берілгендігін осыдан-ақ байқаймыз.

Г. Глинканың 1913 жылы 11 шілдеде Думада сөйлеген сөзінен де отарлаудың небір құйтұрқы әрекеттері болғаны айқын аңғарылады.

«Қазақ жері қазақтан көп артылып қалу үшін, переселендерге қазақтардан жерді көбірек алу үшін, яғни біз әдіс істеп отырмыз, – деген ол. – Әдіс қылу жолсыздық емес, ептілік. Біз Министрлер советінен ептілік рұқсат алып, қазақты ебімізге түсіруге қайырымалап едік, топ-тобымен топырлап түсіп жатыр. Ол істеген ебіміз мынау еді: қазаққа «отырықшы болып жер алуға риза болсаңдар, сендерге де мұжықпен қатар 15 десятинадан еркек басына жер береміз» дедік. Айтуымыз-ақ мұң екен, қазақтар «отырықшы нормасымен жер бер» деп жабылып сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десятина жер бердік» [3].

15 десятина жерге қазақ мал баға ма, әлде егін сала ма?! Жаз жайлауы, қыс қыстауы, күзегі қайда?!

Міне, осының салдарынан ағайындар арасында алауыздық туып, бір-бірімен дауласу, жауласу басталды. Сондықтан да Ыбырай қазақтардың мал бағудағы іс-тәжірибелерін айта келіп: «Осылайша бір жерде орныға отырып...егістік, шабындық немесе жайылымдық жердің әр сілемін қадір тұтатын болды; көбінесе осының салдарынан қазіргі олардың арасында өзара ұрыс-керіс болады, олар кейде қанды төбелеспен, тіпті өліммен де аяқталады» [4], – деп жер-су үшін талас күшейе түскенін дәлелді жеткізеді.

1882 жылғы мәлімет бойынша Торғай облысында 1403 орыс қарашекпенділер болса, 1883 жылы ол 10084, 1890 жылғы 30751 жеткен.

Ыбырайдың жоғарыда айтылған В.В. Катаринскийге жазған хатындағы «Қазақтар, – келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық, – тез құрып кетеді» деген сөзі расқа шықты.

Әкімшілік реформаның негізінде шексіз билікке ие болған патша чиновниктері білгенін естіді, қазақ жерінің байлығын аяусыз тонауға көшті. Аштық, жалаңаштық, қуғын-сүргін, ату-асу, халқымыздың санын күрт төмен түсірді.

Ы. Алтынсарин 1878 жылдың 23 маусымында Ресей Әскері Министрінің атына жолдаған хатында да жер мәселесі сөз болады.

Хат Торғай облысының қазақтары бұл жерде ерте замандардан иеленіп, қоныстанып келе жатқан қалпында 1732 жылы орыс елінің қол астына кіргенін айтумен басталады. Одан әрі бұл жерлердің біраз бөлігі Орынбор казак әскерлеріне беріліп, оған қазақ даласындағы толқулар әсер еткені, бірақ бұл қозғалысқа аудан қазақтарының еш қатысы жоқтығы, олардың өз ортасына адал қызмет еткені, сол үшін олардың көршіліс қандастарынан да көп қорлық және қысым көргені сөз болады.

Автор осы жайттарды баян ете келе: «Уақыт өткен сайын жерді пайдалану мәселесі қазақтар мен казактардың арасында көптеген келіспеушілікке әкеп соқты. Оларды көршілік тату қарым-қатынастарынан айырыла бастады. Осы қолайсыздықты жою үшін бұрынғы Орынбордың Генерал-Губернаторының бұйрығымен 1874 жылы әскер және облыс басшылары өкілдерінің қатысуымен комиссия тағайындалды, – дей келіп, комиссия аудан қазақтарының жерге орналасуын ретке келтіру үшін, әрі қазақтар мен казактардың мүддесін бірдей қорғау мақсатында оларды бір-бірінен бөліп, шекара белгілеу керектігін айтқаны әңгіме болады. Сондай-ақ, Орынбордың Новолинейный ауданындағы казактардың әскеріне бөлінген жерден 800000-нан 1000000 десятинаға дейін жер сол каудандардағы қазақтарға пайдалануға берілсін, сонымен қоса Оралдың сыртындағы жерлерге қазақтардың еркін көшіп қонуына жағдай жасалсын», – деген комиссия шешімі Орынбор Генерал-Губернаторының қысқартылуына байланысты орындалмай қалғанын қынжыла жеткізеді. Сөйтіп, 1879 жылы 4 наурызда Министрлер комитетіне баспа жоба ұсынылғанын, ол жоба 1874 жылғы комиссия шешімімен жоққа шығарғанын, бұрынғы жобаның дұрыстығын, кейінгісінің қазақтардың шаруашылығына тиімсіз екенін егжей-тегжейлі түсіндіріп, 1878 жылы 23 мамырдағы заң аудан қазақтарының шаруашылығының іргесін берік етіп, әлеуметтік жағдайларының жақсаруын қамтамасыз ететінін тағы да қайталай жеткізеді.

Хат соңында аудан қазақтарының орыстардың қоластында адал қызмет еткені, сондықтан олар үкіметтің әділ шешім қабылдайтынына сенетінін айта келіп, «Ол 51439 десятин қолайлы жерді алатынына және оларға бөлінген жерлерді Торғай облысына қосады деп сенеді. Ол үшін 1874 жылғы комиссияның шешіміне сәйкес қабылданған 1878 жылғы жоғары мәртебелінің бұйрығын қабылдаса жеткілікті. Осы ауданның қазақтары баладан үлкендеріне дейін, еркектерінен әйелдеріне дейін көз жастарын ағыза отырып сұрайды» [5].

5 Қорытынды

Қазақтардың жан айқайы мен көз жасын патша үкіметі қайтсін, Ыбырай хаты ескеруісіз, тасада қалды.

Генерал-Губернатор Колпаковский 1887-1888 жылдарға берген есебінде Ақмола, Семей, Жетісу облыстарына орыс шаруаларын қоныстандырып, тілдерін әдет-ғұрпын және православие дінін ала келе, оларды жаңа территорияларға ауыстыру және рубасыларын қайта сайлау – қазақтардың рухани болмысына, психологиясына, салт-санасына өзгерістер әкелгенін айтып: «Бұл өзгерістер дала облыстарын басқарудағы 1869 жылғы уақытша жағдайдың әсері деп білемін» [6], – деп масаттана жазды.

Ресей өкіметінің қазақ елін отарлау саясаты XVIII ғасырдың бірінші жартысында басталып, XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында өз мақсатына жетті. Жаңа округтер құрылып, оны аға сұлтандар мен орыс шенеуніктері басқарды. Келе-келе қазақтар бұл биліктен де айрылып, оларға болыстық пен ауыл старшындығы ғана тиді. Сөйтіп ұлан ғайыр қазақ даласы бодандықтың темір құрсауын киді, құнарлы жерден, жайылымнан шөл, шөлейт аймақтарға қарай ығыстырыла бастады. Әділетсіздік, жазықсыз жазалау, зорлық-зомбылық, жоқтық етек алды. Бұл жайт елдегі толып жатқан проблемалардың бетін ашып, халықтың билеуші тапқа деген ашу-ызасын шектен шығарып жіберді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Алтынсарин И. Собрание сочинений в трех томах, 1976.
- 2 РГИА. Фонд 391. Описание 3. Дело 115. Лл. 48-49 об.
- 3 Қазақ, II маусым, 1913.
- 4 Алтынсарин Ы. Қазақ даласындағы аштық туралы // Оренбургский листок. – 1880, 13 апреля.
- 5 Военно-исторический архив г. Москвы. Фонд 1099. Описание 1, Дело 163 // Айқап. – 2016. – №2 (100). – Б. 59-64.
- 6 Қазақстан Орталық мемлекеттік архиві 64 қор, 436-іс. – Б. 9-10.

Материал редакцияға түсті: 01.06.2020

ОСПАНУЛЫ, С., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М.

И. АЛТЫНСАРИН О ЗЕМЕЛЬНОМ ВОПРОСЕ

В статье рассказывается о том, что и.Алтынсарин с 1889 года писал о земельных проблемах, впервые говорил о взяточничестве и неприкосновенности биев и акимов, об ухудшении быта людей, уменьшении численности скота, деградации населения, о последствиях вырубки земель, что привело к уменьшению поселений.

Ключевые слова: земля, пастбище, десятина, временное положение, джут, Дума, Оренбург, проект.

OSPANULY, S., MYRZAGALIEVA K.M.

I. ALTYSARIN ON THE LAND ISSUE

The article focuses on the fact that I. Altynsarin since 1889 wrote about land problems, for the first time spoke about bribery and inviolability of biys and akims, about the deterioration of people's life, the decrease in the number of livestock, the degradation of the population, the consequences of cutting down land, which led to a decrease in settlements.

Key words: land, pasture, tithe, temporary situation, jute, Duma, Orenburg, project.